

"Қазақстан Республикасы Президентінің жанында Шетелдік инвесторлар кеңесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 30 маусымдағы № 3985 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 16 мамырдағы № 493 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасы Президентінің жанында Шетелдік инвесторлар кеңесін құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 30 маусымдағы № 3985 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
С. Ахметов

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы «Қазақстан Республикасы Президентінің жанында Шетелдік инвесторлар кеңесін құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 30 маусымдағы № 3985 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. «Қазақстан Республикасы Президентінің жанында Шетелдік инвесторлар кеңесін құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 30 маусымдағы № 3985 Жарлығына (бұдан әрі – Жарлық) (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., № 18, 156-құжат; 2000 ж., № 17, 168-құжат; 2003 ж., № 45, 486-құжат; 2007 ж., № 14, 160-құжат; 2011 ж., № 30, 366-құжат; 2012 ж., № 10, 189-құжат; № 36, 476-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі туралы ережеде:

10-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Кеңестің шетелдік тараптан құрамына, Кеңестің бірлескен жұмыс топтарының қызметіне байланысты мәселелерді қарау мақсатында Кеңестің операциялық қызметі жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылады, оның құрамы Кеңестің жалпы отырысында бекітіледі.»;

6-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Кеңестің операциялық қызметі жөніндегі комиссия»;

18, 19-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«18. Комиссия қазақстандық тараптың алты өкілінен және шетелдік тараптың алты өкілінен тұрады.

Қазақстандық тараптан Комиссия мүшелері лауазымы бойынша мыналар болып табылады: Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасары (Комиссия төрағасы), Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары, Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі, Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі, Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі, Кеңестің жұмыс органының бірінші басшысы (Комиссия хатшысы).

19. Комиссия отырыстары жылына кемінде екі рет өткізіледі. Комиссияның шешімдері көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең бөлінген жағдайда Комиссия төрағасының даусы шешуші болып табылады.»;

мынадай мазмұндағы 19-1, 19-2-тармақтармен толықтырылсын:

«19-1. Комиссия Кеңестің бірлескен жұмыс топтарының қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, Кеңестің бірлескен жұмыс топтарының ережесін, құрамын, жұмыс жоспарын бекітеді.

19-2. Кеңестің бірлескен жұмыс топтарының қызметі қажет болған жағдайда Комиссияның шешімімен құрылады және таратылады.»;

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«21. Комиссияның шетелдік тарап ұсынған өтінімдерді қарауын ескере отырып, жұмыс органы Қазақстан Республикасының Президентіне Кеңестің шетелдік тараптан құрамы бойынша ұсыныстарды әзірлейді.»;

23, 24, 25-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«23. Кеңестің бірлескен жұмыс топтарын қазақстандық және шетелдік тараптарынан тең төрағалары басқарады.

Бірлескен жұмыс тобының қазақстандық тарапынан тең төраға министрлік немесе ведомство басшысы орынбасарынан төмен емес деңгейдегі лауазымды тұлға болады.

Басшыларының бірі Кеңестің мүшесі болып табылатын халықаралық ұйымның немесе шетелдік компанияның қазақстандық өкілдігінің басшысы немесе басшылық ішінен басқа лауазымды тұлға ғана Бірлескен жұмыс тобының шетелдік тараптан тең төрағасы болады.

24. Кеңестің бірлескен жұмыс топтарының іс-шаралар жоспарларын Комиссия төрағасы бекітеді.

25. Кеңестің бірлескен жұмыс топтарының құрамы Комиссия отырыстарында бекітіледі.» ;

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«29. Кеңестің жалпы отырыстары аралығындағы кезеңде Премьер-Министрдің, Премьер-Министр орынбасарының төрағалық етуімен Кеңестің аралық отырыстары өткізіледі.

Аралық отырыстарға Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдары басшыларының орынбасарынан төмен емес деңгейдегі өкілдері, Кеңестің бірлескен жұмыс топтарының тең төрағалары, сондай-ақ Кеңестің шетелдік мүшелерінің Қазақстан Республикасындағы тұрақты өкілдері қатысады.

Аралық отырыстарда соңғы жалпы отырыс шешімдерінің орындалу қорытындылары, Комиссияның, Кеңестің бірлескен жұмыс топтары қызметінің нәтижелері, келесі жалпы отырысқа дайындық, шетелдік инвесторлардың ағымдағы проблемалары және өзге де мәселелер талқыланады.».

3 2 - т а р м а қ т а :

3) тармақша алып тасталсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) Кеңестің, оның бірлескен жұмыс топтарының және Комиссияның хаттамалық шешімдерін орындау мониторингін жүргізу;»;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6) Кеңестің, оның бірлескен жұмыс топтарының және Комиссияның қызметін талдау, Кеңестің, оның бірлескен жұмыс топтарының және Комиссияның қызметін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды қарау, әзірлеу және іске асыру жөніндегі функцияларды атқарады.».

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Н.Назарбаев